

## 2016 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 26 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 ақпанда № 4746 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9987 тіркелген), Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының:

1) 1-қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда мүйізді ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге, ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу шығындарын арзандатуға арналған субсидиялар нормативтері;

2) 2-қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда мүйізді ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер жеткізушілерге, ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдері және талаптары;

3) 3-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдері;

4) 4-қосымшасына сәйкес мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.С.Жұмағазиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге, ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандатуға арналған субсидиялар нормативтері**

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 21.10.2016 № 452 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлік	1 басқа субсидия нормативі, теңге
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 000
2.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату*:	х	х
2.1	алыс шетелден әкелінген етті бағыттағы шетел селекциясындағы асыл тұқымды мүйізді ірі қараның аналық мал басы	бас	83 000
2.2	1-санаттағы мүйізді ірі қара мал бордақылау алаңдары	бас	40 000
2.3	орташа жылдық сауымы 5000 литрден жоғары сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қараның аналық мал басы	бас	80 000
2.4	асыл тұқымды ешкінің аналық мал басы	бас	5 000

\* Ескерту: субсидия Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9987 тіркелген) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, өнім өндіруді және оның сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларымен анықталған бағыттардың басымдықтарына сәйкес бөлінеді.

**Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша**

**қызметтер жеткізушілерге, ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер және талаптар**

**Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 21.10.2016 № 452 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

№ Субсидиялау бағытының атауы	Өлшемдер және талаптар
1. Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1. Зоотехникалық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес келетін және жарақталған қолдан ұрықтандыру пунктерінің болуы; 2. Арнайы дайындық курстардан өткен, асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің тізілімінде тіркелген техник-ұрықтандырушылардың болуы.
2. Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу шығындарын арзандату	1. Етті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының аналығы үшін: мүйізді ірі қара аналық мал басының ақпараттық сараптамалық жүйесі және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасында тіркеуде болуы.  2. Орташа жылдық сүт көлемі 5 000 кг асатын сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының а н а л ы ғ ы ү ш і н : өткен жылдың статистикалық жылдық есебі бойынша бір сиырдан сауылған орташа жылдық сүт көлемі 5 000 кг кем болмауы тиіс. 3. 1-санаттағы мал бордақылау алаңдары үшін: мүйізді ірі қара малдары ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру базасында тіркелінуі (ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру базасынан алынған үзіндімен расталады). 4. Асыл тұқымды ешкінің аналық мал басы үшін: аналық мал басының ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру базасында тіркеуде болуы; асыл тұқымды мал басы құжатының болуы.

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 1 ақпандағы  
№ 26 қаулысына 3-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. 3 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.12.2016 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

	1 бірлікке арналған	Субсидиялар
--	---------------------	-------------

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	сомасы, мың теңге
Мал шаруашылығы					
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 000	8 951	44 755
Етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1. Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18 000	48 407	871 319
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	5 600	112 000
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	1 100	114 400
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	1 400	215 600
2)	импортталған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал	бас	118 000	67	7 906
3. Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	тонна	300	1 804	541 200
2)	2-деңгей	тонна	170	13,932	2 368,44
3)	3-деңгей	тонна	100	65	6 500
4.	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	2 000	48 000
5.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*	**	819 796,98
Барлық сомасы					2 739 090,42
Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	2 499	49 980
2)	жалпы табындарда сүтті және қос бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	59	6 136
2. Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	100	15 400
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118 000	115	13 570
3. Сүт өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	тонна	25	6 700	167 500
2)	2-деңгей	тонна	15	800	12 000
3)	3-деңгей	тонна	10	800	8 000
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	80 000	1 497	119 760
Барлық сомасы					392 346
Етті бағыттағы құс шаруашылығы					
1. Құс еті өндірісінің құнын арзандату					
1)	3-деңгей	тонна	50	1 500	75 000
Барлық сомасы					75 000

Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
1. Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату				
1) 1-деңгей	мың дана	3	85 000	255 000
Барлық сомасы				255 000
Шошқа шаруашылығы				
1. Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату				
	тонна	98	3 500	343 000
Барлық сомасы				343 000
Қой шаруашылығы				
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1) тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	бас	1 500	25 896	38 844
2. Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	5 600	44 800
3. Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату				
1) 1-деңгей	тонна	200	26,417	5 283,4
2) 2-деңгей	тонна	100	31,06	3 105,18
Барлық сомасы				92 032,58
Сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығы				
1. Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	5 000	100	500
Барлық сомасы				500
Жылқы шаруашылығы				
1. Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу				
	бас	40 000	264	10 560
2. Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату				
	тонна	92	207,5	19 088
3. Қымыз өндірісінің құнын арзандату				
	тонна	60	100	6 000
Барлық сомасы				35 648
Түйе шаруашылығы				
1. Шұбат өндірісінің құнын арзандату				
	тонна	55	9,2	506
Барлық сомасы				506
ЖИЫНТЫҚ сомасы				3 977 878

Ескерту:

\* субсидия нормативтері осы қаулының 1-қосымшасындағы 2 тармақтың 2.1., 2.2. тармақшаларында көрсетілген;

\*\* субсидия көлемі нақты мәлімделген көлемге сүйене отырып анықталады.

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 1 ақпандағы  
№ 26 қаулысына 4-қосымша

**2016 жылы Республикалық бюджет есебінен бөлінген, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. 4 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.12.2016 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
<b>Етті бағыттағы мал шаруашылығы</b>					
1. Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	16 773	301 900
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	4 330	86 600
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	3 557	547 778
2)	импортталған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал	бас	118 000	474	55 932
3. Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату:					
1)	1-деңгей	тонна	300	1 160	347 708
4.	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	3 172	76 128
Барлық сомасы					1 416 046
<b>Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы</b>					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	490	9 800
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	263	40 502
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118 000	200	23 600
3. Сүт өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	тонна	25	500	12 500
Барлық сомасы					86 402
<b>Етті бағыттағы құс шаруашылығы</b>					
1. Құс еті өндірісінің құнын арзандату					
1)	3-деңгей	тонна	50	1 000	50 000
Барлық сомасы					50 000
<b>Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы</b>					
1. Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	мың дана	3	5 000	15 000
Барлық сомасы					15 000
<b>Шошқа шаруашылығы</b>					
1.	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	98	3 400	333 200
Барлық сомасы					333 200

Қой шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	бас	1 500	99 844	149 766
Барлық сомасы					149 766
Жылқы шаруашылығы					
1.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	92	44,42	4 086
2.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	тонна	60	100	6 000
Барлық сомасы					10 086
ЖИЫНТЫҚ сомасы					2 060 500

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 1 ақпандағы  
№ 26 қаулысына 5-қосымша

## Ақтөбе облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 78 "2015 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы" қаулысы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4240 болып тіркелген , 2015 жылғы 19 наурызда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 321 "2015 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4523 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қыркүйекте " Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 432 "2015 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4617 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 желтоқсанда " Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).